



ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

6

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӘБЕК» ЦІТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

6-СЫНЫП

Алматы
2018

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының
авторы С.А. Назарбаева

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсыған**

Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. Нүркеева С., Алиев Б.Ш., Бақаш Е. /
6-сынып. – Алматы: «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018. – 100 б.

Оқушы дәптерінде жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде әзірленген 6-сыныпқа арналған оқулық мазмұнына сәйкес тапсырмалар ұсынылған. Бұл тапсырмалар оқушылардың өтілген тақырыптарды терең ұғынып, шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында өз бетінше жұмыс жасауына арналған.

© «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОС!

«Өзін-өзі тану» пәніне арналған бұл дәптермен жұмыс жасауда рухани-адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің мағынасын тереңірек ұғынатын боласың.

Дәптерде берілген сұрақтар мен тапсырмалар өзінді, өзгені, айналанды адамгершілік құндылықтар арқылы тануға жетелейді.

Дәптер сені ойландыратын сан түрлі сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады. Оларға жауап іздей отырып, адамгершілік қарым-қатынастың, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін түсініп, оны күнделікті әмірде қолдануға дағдыланасың.

Оқу жылы барысында адам мен табиғаттың терең байланысын ұғынуға мүмкіндік беретін «Табиғат – баға жетпес сый» тақырыбы бойынша жоба жұмысын орындайтын боласың.

Барлық іске ізгі ниетпен кіріссең, шығармашылық шаттығына бөленесің!
Таным жолындағы ізденісіңе сәттілік тілейміз!

Іске сәт, жас дос!

«ТАБИҒАТ-БАҒА ЖЕТПЕС СЫЙ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Осы оқу жылында сендерге «**Табиғат – баға жетпес сый**» атты жоба бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Жоба әрекеті дегеніміз – қоғамға қызмет етуге бағытталған бұл әрі зерттеу, әрі шығармашылық әрекеттің тәжірибеде жүзеге асырылуы болып табылады. Жоба жұмысы бүкіл оқу жылы бойына жүргізіледі. Жобаны дайындау кәздеріне өзін-өзі тану оқулығы, танымдық кітаптар, телехабарлар, ғаламтор, отбасы мүшелерімен, сыныптастармен, достармен, әмір әнегелі адамдармен және әрине, табиғатпен байланыс, сондай-ақ қызықты істерге, шараларға қатысу, оларды өткізуге атсалысу және іс-әрекеттің басқа да түрлері жатады.

Жоба сендерге адам мен табиғаттың байланысын қаншалықты терең түсінетіндеріңді, қоршаған ортаның, өздерің тұратын жердің өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғап, сақтап қалу үшін кәптеген пайдалы және қайырымды істер жасай алатындарыңды дәлелдеуге мүмкіндік береді. Жобамен жұмысты аяқтаған соң, оның қорытындылары мен қол жеткізген нәтижелерін фильм, слайдтық таныстырылым немесе бейнеролик және т.б. түрде қорғап, жалпы іске қосқан өз үлестеріңді кәрсетесіңдер.

Жобаны жүзеге асыру барысын кәрсету үшін дәптерде **Жоба кннделігі** берілген.

Жобаның бірінші кезеңінде жобаның мақсатын анықтап, «табиғат» ұғымына қатысты сұрақтарға жауап беру керек. Бұл кезең – шешімі табылуға тиіс міндеттерді анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу кезеңі. Туған өлкенің табиғатын зерделендер. Бұл үшін, мысалы, мектептерің орналасқан жердің, демалыс орындарының, қала (ауыл) сыртындағы жердің табиғатын зерттеуге болады; қала тұрғындарымен табиғат жағдайы туралы сұхбат жүргізу; өзің тұратын елді мекеннің нақты жерлерін суретке түсіріп алуға болады. Сонымен бірге түсірілген суреттер мен бейнематериалдар бойынша фотоколлаж құрастырып, бейнероликтер даярлауға; қаланың белгілі адамдарымен, БАҚ өкілдерімен, қоғам қайраткерлерімен, бір сөзбен айтқанда белсенді өмірлік ұстанымы бар тұлғалармен кездесулер өткізуге болады.

Бірінші кезеңдегі зерттеу қызықты болуы үшін, сыныптастарыңмен табиғат аясына саяхатқа шығуға, кәрген фильмді немесе оқыған кітаптарыңды бірлесіп талқылауға, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жайлы қызықты фактілерді ортаға салып, танысуға болады. Жұмыс барысында тәмендегі сұраққа қалай жауап беруге болатынын ойластырыңдар: белгілі суретшілер, музыканттар, жазушылар тағы да басқа өнер адамдары табиғатқа қалай қараған, оны қалай қабылдаған? Бұл сұраққа жауап беру үшін, табиғат суреттелген өнер туындыларымен танысып, мұражайға немесе кәркемсурет галереясына барыңдар, музыкалық шығармалардың жазбасын тыңдап, концерт залында тамаша өнер туындыларын тыңдап, тамашалаңдар.

Бұл кезеңдегі орындалған жұмыстың қорытындысы ретінде өздеріңнің қайырымды достарыңды шақырып тақырыптық кеш өткізуге, өмірі өнегелі адамдармен кездесу ұйымдастыруға, оқушылардың табиғат туралы салған

суреттер байқауын өткізуге болады. Мүмкін, сендер өздерің адам өміріндегі табиғаттың алатын орнын, оның маңызын терең ұғынуға мүмкіндік беретін басқа да қызықты әрі пайдалы істердің түрін ойлап табатын шығарсыңдар.



Жобаның екінші кезеңінде сендердің табиғатқа, қоршаған әлемге жасайтын қамқорлық пен көмектеріңді көрсететін жалпы істің нақты жоспарын жасау керек. Өздеріңнің осы қайырымдылық шараларыңа төменгі сынып оқушыларын да тартыңдар. Олармен бірге табиғатта сабақ өткізуге, табиғат туралы суреттер байқауын ұйымдастыруға қатысып, сыныптарда табиғат бұрышын жасауға көмектесіңдер. Төменгі сынып оқушылары үшін адамның табиғатта өзін-өзі қалай ұстауы керектігі туралы жаднама даярлап, өсімдіктер мен жануарлардан келетін пайда туралы айтылатын бояма-кітапшалар даярлаңдар.

Үшінші кезеңде ойластырылған идеялар мен жоспарлар іске асырылады. Сонымен қатар қоршаған табиғатты қорғау, мектеп ауласы мен өз үйлеріңнің ауласын, демалыс орындарын жақсарту жолдарын ойластырып, достарыңмен бірге әрекет жасап, айналаға көмектесіңдер. Өздерің және достарыңмен өткізген сенбіліктерді, ағаш отырғызуға байланысты еңбек десанттарын, табиғатты қорғау акцияларын сурет және бейнематериалдар арқылы көрсетіңдер.

Төртінші кезең – қорытындылаушы кезең. Бұл кезеңде жобаның нәтижелерін рәсімдеп, жариялап көрсетіңдер. Бұл – бейнеролик, фотоколлаж, слайдты таныстырылым, көркем туынды немесе басқа да түрде болуы ықтимал. Мүмкін бірнеше жанрдың мүмкіндіктерін қатар пайдаланатын шығарсыңдар?

Жобаны орындап болғаннан кейін өзің мен достарыңның өмірі қалай өзгергендігі туралы, күнделікті өмірде өзіңнің табиғатқа деген қарым-

қатынасың қалай болатындығы туралы ойла, талдап, өз қорытындыңды жаса. Бұл туралы жобаны қорғау барысында өз ұстаздарыңа, ата-анаңа, достарыңа айтып, ортақ қуанышқа бөлен. Қонақтарға өз қолыңмен жасалған сыйлықтар мен концерттік нәмірлер ұсын. Сонымен қатар кәрмені шығармашылық жұмыспен безендіріп, жоба барысында есте қалған сәттер бейнеленген таныстырылым немесе фильм кәрсет.

Жобаға қатыса отырып, сендердің жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес әмір сүрудің маңыздылығын, адамның әзі бір бөлшегі болып табылатын табиғатты аялау және қорғаудың қаншалықты маңызды екендігін түсіне білгендеріңе сенімдіміз.

Сендерге жоба жұмыстарын жүргізу арқылы әздеріңнің ең бір батыл және қайырымды идеяларыңды жүзеге асыруда табыстар тілейміз!



I тарау
ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ
1-2 сабақтар
АҚИҚАТТЫ ІЗДЕУ ЖОЛЫНДА

**Тек ақиқат білім ғана кндік туғызбайды, ол әмірді
бағалауға, тұрмыс құруға нйрегеді.**

Шоқан Уәлиханов

1-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдарға сәйкес мағыналарын сызықпен бағыттап кәрсет.

ҰҒЫМ	Анықтамалары
1. Адамгершілік	а) Адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі.
2. Адамзат	ә) Ырыс, несібені, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым; адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның мүддесіне, мақсаты мен ниетіне сәйкес келетін нәрселер.
3. Ақиқат	б) Бүкіл адам баласы.
4. Ізгілік	в) Адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мәнделес.
5. Игілік	г) Таным теориясының негізгі категориясы, адам ойының әмір шындығымен сәйкестілігі.

2-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «ізгі ниет, ізгі сөз және ізгі іспен өмір сүретін» адамға мінездеме беріп, оның портретін жаса.

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: ізгілік, беделді, зеректік, адам тағдыры, адамзатты сүйу, болашақ, рухани, игілік, адамзат бақыты, өзін-өзі жетілдіру, мәнді өмір, адам болып қалу.


4-тапсырма. Оқулықтағы жағдаятты оқып, берілген сұрақтар бойынша өз шешімің мен ой-тұжырымыңды жаз.

Өзің қалай жауап берер едің?

Сенің жан құмарыңа нелер жатады?

Ақиқатқа жету үшін қай құмарлық маңызды деп санайсың?

5-тапсырма. Ақиқат құндылығына қатысты сөздерді тауып, сөзжұмбақты шеш.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>6. Бүкіл <i>дүниені тану</i>, ондағы адамның орны, тіршілік туралы түсініктердің жиынтығы.</p> <p>7. Адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік, <i>ізгілікті</i> қатынас, өзге адамға жақсылық жасаудың негізі.</p> <p>9. Шынайы, <i>шын</i> бар болмыс, нақты бар және дамидын нәрсе.</p>	<p>1. Әрбір адамға тән, оның <i>мінез-құлқын</i>, даралығын кәрсетеді.</p> <p>2. Адамның дүниетанымын, ізгі ниетін білдіретін оның ішкі <i>рухани</i> әлемі.</p> <p>3. Бүкіл <i>адам</i> баласының жалпы аталуы.</p> <p>4. Адамның <i>игі</i> істерін, рухани және мәдени байлығын білдіретін ұғым.</p> <p>5. <i>Адам</i> бойындағы ізгі қасиет.</p> <p>8. Адам ойының әмір <i>шындығымен</i> сәйкес келуі.</p>

3-4 сабақтар

АДАМНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Ойға алғанның бәрін адамның ынта-жігерімен
жнзеге асыруға болады.**

Халық даналығы

1-тапсырма. Тәменде берілген қанатты сөздерді оқып, адамның мүмкіндіктері, қабілеттері жәнінде түйінделген ой-тұжырымыңды жаз.

Адам – таңғажайып құбылыс! Оның жан дүниесі, ақыл-ойы, жан-жақты талант-қабілеті – құдіреттілік табиғатының, мүлдем беймәлім әрі ешқашан да танып-білу мүмкін емес мәңгілік құпияның нақты кәрінісі осы емес пе?!

Шоқан Уәлиханов

Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез.

Би-шешендер

Арманыңыздың асқарына жеткізер мүмкіндіктерді ашатын кілт – ақыл-ой санаңыздың кәкжиегін кеңейту.

Алекс Янковский

3-тапсырма. Оқулықтағы Құрманбай Толыбаевтың «Қабілет» әңгімесін оқып шығып, қабілет, парасат, даналыққа қатысты өз тұжырымыңды жаса. Әмірмен байланысты мысалдар келтіріп, кестені толтыр.

Мәтін бойынша	Менің пікірім	Әмірмен байланысты мысалдар
Қабілет		
Парасат		
Даналық		

4-тапсырма. Түсіндірме сөздіктен «қабілет», «дарын», «парасат», «ақыл» сөздерінің білдіретін мағынасын тауып жаз. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тап.

5-тапсырма. Төменде берілген суреттерді мұқият қарап, бұл мамандықтар туралы не білетініңді жаз.



5-6-сабақтар

ӘЗІНЕ СЕНІМ

Әзіне-әзі сенген адам, қиындықты да,
уақытты да жеңе алады.

Ілияс Есенберлин

1-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді оқы. Әзің үшін дұрыс жауапты таңдап алып, дәлелдеп жаз.

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Әзіңе сен, әзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Абай

Әзің, әзіңнің күшіңе деген сеніммен қаруланып алу керек, ал бұл сенімге кедергілерді жеңу арқылы, ерікті тәрбиелеп, оны «жаттықтыру» арқылы жетеді. Әз бойыңдағы және әзіңнен тысқары жердегі әткеннің түкке алғысыз мұрасын жеңуге үйрену қажет... Әзін-әзі сәл ғана жеңудің әзі адамды анағұрлым күшті етеді.

М. Горький

Әзіңе деген сенім – тамаша нәрсе, әйткені ол – адамның өз қабілетін сезінгенінің белгісі.

Т. Гоббс

Ерліктің шарты – әзіне сенгендік.

Халық даналығы

3-тапсырма. Берілген сәзтізбекті дұрыс шешсең, Ілияс Есенберлиннің қанатты сәзін оқуыңа болады.

1-сәз: Наным, илану сәздерімен мағыналас сәз.

2-сәз: Туынды сын есім.

3-сәз: Қуат, әл, қайрат сәздерімен мағыналас сәз.

С		н		м	–
---	--	---	--	---	---

к		д		р		т	т			к		ш
---	--	---	--	---	--	---	---	--	--	---	--	---

4-тапсырма. Оқулықтағы Медеу Сәрсекенің «Дара дарын» шығармасынан үзіндінің екінші мәтінімен танысып шық. Төменде берілген сұрақтар бойынша кемелденген тұлғаның портретін сипаттап жаз.

Әзін-әзі кемелдендірген тұлғаның бойынан қандай қасиеттерді атап әтесің?

Ғалымның әзін және әзгені тануы мен бағалауы арқылы қандай құндылықтарды байқадың?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министерства образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Әзіне сенімнің, риясыз сүйіспеншіліктің күнделікті әмірдегі кәріністерінен нақты мысалдар келтір.

5-тапсырма. Жағдаятты оқып шығып, берілген суретті түрлі түсті бояумен боя.

Күн сәулесі

Бір күні жарық сәулесі Күнге былай дейді:

– Мен күн сайын жердегі барлық тірі нәрсеге жылу беремін, алайда мен адамның жүрегін жылытқым келеді.

– Жарайды, күн сәулесінің бір тамшысын адамның жүрегіне беруге рұқсат етемін, – дейді Күн. – Бұл от адамға керемет жасампаз болуға кәмектеседі. Сен тек қана адамдардың ішінен ең жақсысын таңдап ал.

Сәуле жерге ұшып келіп: «Адамдардың қайсысы жақсы екендігін қалай білуге болады?» – деп ойланады.

Сол кезде оған бір адамның мұңлы даусы естіледі:

– Менің қолымнан ештеңе келмейді. Суретші болуды армандаған едім, жай ғана бояушы, сырлаушы болып шықтым. Бір қызды жақсы кәріп едім, ол маған қарамайды.

– Сенің талантың, жастығың және шебер қолдарың бар ғой! – деп Сәуле жарқ ете түсті де, адамға Күннің жарығын сыйлайды.

Сол кезде адамның жүрегіндегі оты лап етіп жанды да, адам екі иығын қомдап, кәзі жарқылдап жоғары қарады. Ол бояуларын алып, сүйікті қызына арнап әдемі гүл шоғын салды. «Қандай керемет!» – деп қыз қатты қуанды.

Содан кейін адам үйді әдемілеп сырлап, бояйды, ал тапсырыс жасаған кісі келіп, әз кәзіне әзі сенбей, таңданып: «Мен сізді жай ғана сырлаушы, бояушы екен десем, сіз нағыз суретші екенсіз ғой! Менің үйім әнер туындысына айналыпты!» – дейді қуанып.

Сәуле Күнге қайтып оралып, күрсініп былай дейді:

– Мен адамдардың ең жақсысын табу керек екендігін ұмытып кетіппін. Ал отты әзім кездестірген алғашқы адамға сыйладым.

– Сен адамға сендің, ал сенің сенімің оған ең жақсы адам болуға кәмектесті, – деп Күн қуана жасап берді.



7-8 сабақтар

ӘСЕМДІККЕ ТАЛПЫНЫС


Адамның бойындағысының бәрі де: жнзі де, киген киімі де,
жаны да, ойлары да әсем болуы керек.

А.П. Чехов

1-тапсырма. Әсемдік, сұлулық туралы қанатты сөздерді оқып, олардың ішінен шынайы сұлулық жайлы айтылғандарын таңдап алып, таңдауыңды дәлелдеп жаз.

- Сөзі райлының – жүзі шырайлы. *Халық даналығы*
- Қарапайымдылық – моральдық сұлулықтың басты шарты. *Л.Н.Толстой*
- Атымды адам қойған соң, Қайтіп надан болайын... *Абай*
- Сыртқы сұлулық толық болуы үшін ішкі сұлулықпен жандану керек. *В.Гюго*
- Табиғи сұлулық дегеніміз – оның ұнамдылығы. Әрбір ұнамды мінез-құлық пен келісімді кәріктен әдемілік пайда болады... *Қабуснама*
- Қарапайымдылық дегеніміз – әзінің адамдық қадір-қасиетін түсіну. *П.Буаст*

2-тапсырма. Адамның жан сұлулығын бейнелейтін сөздерді тауып, «Әсемдік» сөзжұмбағын шеш.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>5. Адамдардың бір-бірімен <i>сезініп</i> қарым-қатынас жасауына қажет нәрсе.</p> <p>6. Тірі организмнің барлығына тән <i>мінез</i>, ортақ қасиет.</p> <p>7. <i>Әдепті</i>, кішіпейіл адамның бойындағы жағымды қасиет.</p> <p>8. <i>Кішіпейіл</i>, қарапайым әдепті адамның қасиеті.</p>	<p>1. Тәрбиелі, <i>қарапайым</i>, әдепті адамның бойындағы асыл қасиеттердің бірі.</p> <p>2. <i>Адамшылық</i>, жақсылық тілеу қарым-қатынастары.</p> <p>3. <i>Әсем</i>, әдемі адамның бойындағы сұлулық.</p> <p>4. Байыпты, <i>ақылды</i> адамға тән аса маңызды қасиет.</p>

3-тапсырма. Берілген сәзтізбекті дұрыс шешсең, әл-Фарабидің қанатты сәзін оқуға болады.


- 1-сәз: «Жақсы» сәзінің антонимі.
 2-сәз: Адам даралығының белгісі (қос сәз).
 3-сәз: Сын есім.
 4-сәз: «Ауру» сәзімен мағыналас сәз.

Ж		М		Н		М		Н		З	–	Қ		Л		Қ	–
----------	--	----------	--	----------	--	----------	--	----------	--	----------	----------	----------	--	----------	--	----------	----------

Р		Х		Н					К		С		Л
----------	--	----------	--	----------	--	--	--	--	----------	--	----------	--	----------

4-тапсырма. Оқулықта берілген «Ақыл мен сезім» атты мәтіндегі Бауыржан Момышұлының «Сезім мен ақыл тек адамда ғана емес, табиғатта да бар. Ол да кейде күліп, кейде күрсінеді» деген ойын таратып жаз.

5-тапсырма. Туған жеріңнің, әскен әлкеңнің сұлулығын бейнелеп, суретін сал.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Шоқан Уәлихановтың «Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол әмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді» деген пікіріне сенің кәзқарасың?

А) Әр адамды әз әмір жолын анықтап, дұрыс әмір сүруге бағыттайтын - ақиқат білім деп санаймын.

Ә) Ешқандай білім алмай-ақ, жақсы әмір сүруге болады.

Б) Ақиқат білімге қол жеткізу мүмкін емес тәрізді.

2-тест

Қабілет дегеніміз:

А) Тұлғаның қызмет түрлерін атқару тәсілдерін жетік меңгеруінен кәрініс табатын, жемісті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктерін кәрсететін дара ерекшелігі.

Ә) Адамның арманы мен мақсатына жету жолы.

Б) Адамның мінез-құлқының әртүрлі кәріністері.

3-тест

Сенім адамды болашаққа, алға жетелей ме? Сенің кәзқарасың?

А) Әрине, сенім адамды әрқашан алға жетелейді.

Ә) Болашаққа, алға ұмтылу үшін досың кәмектесуі керек.

Б) Әзіңе сенімді болу үшін әдемі әмір сүру керек.

4-тест

Виктор Гюгоның «Сыртқы сұлулық толық болуы үшін ішкі сұлулықпен жандану керек» деген пікіріне кәзқарасың қандай?

А) Сырты сұлу адамдар – ерекше жандар.

Ә) Әрине, алдымен жаның, ішкі дүниең сұлу болып тұрса, сыртың да сұлу кәрінеді.

Б) Адамның сырты сұлу болса жетеді, оның ішкі әлемін білу қажет емес.

ЖОБА КННДЕЛІГІ

Сыныппен бірлесіп жобаның тақырыбын, мақсатын, міндеттері мен орындалу кезеңдерін жаз.

Жобаның тақырыбы

Жобаның мақсаты

Жобаның міндеттері

II ТАРАУ АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

9-10 сабақтар ӨЗГЕЛЕРМЕН ҒҢДЕСУ

Досы кәппен сыйлас,
Досы азбен сырлас.
Мақал

1-тапсырма. Тәменде берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жаз.

1. Аға әдепті болса, іні әдепті,

2. Орнымен мақтай біл, ...

3. Халықтың қартын сыйлау, ...

4. Ардагер аға алдыңда тұрсын,

5. Сыйлай білсең кәріні,

6. Сыйлау деген –

7. Әдепті бала ата-анасын мақтатар,

2-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдарға сәйкес анықтамаларын сызықпен бағыттап көрсет.

Ұғымдар	Анықтамалары
1. Татулық	1) Адамдардың бір-біріне адал, қалтықсыз сеніп, бір мүдделі, ортақ кәзқараста болатын қасиеті.
2. Достық	2) Адамдардың берік бірлігі, сыйласымдылығы.
3. Ауызбіршілік	3) Бірлікке келу, бірге тірлік жасаудың көрінісі, татулықтың белгісі.
4. Бірлік	4) Мақсаты бір топ мүшелерінің тату-тәттілік, ынтымақтастық, ұйымшылдық көрсете білуі.
5. Ынтымақтастық	5) Ынтымақтасып біріккен бірауыздылық, іштей байланысты табиғи біртұтастық.


3-тапсырма. Оқулықтағы «Адал достық» мәтінін мұқият оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап жаз.

Шынайы дос қандай қасиеттерімен айқындалады?

Әмірден алынған адал достық туралы қандай мысалдарды білесің?

Адал достарың туралы жаз

4-тапсырма. Тақырыптық лексиканы пайдаланып, «Сыйласаң, сыйлы боласың» атты сөзжұмбақты шеш.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>1. Адамдардың берік <i>ауызбірлігі</i>, сыйластығы.</p> <p>3. Адамдардың бір-бірін <i>түсініп</i>, келісім мен татулықта әмір сүруі.</p> <p>7. Айнаlandaғы адамдарды <i>сыйлап</i>, оларға құрмет кәрсету, қамқор болу.</p> <p>8. Адамның қоршаған орта мен ақиқатқа, адамдарға <i>сеніп</i>, құрметтеу қарым-қатынасы.</p> <p>9. Мақсаты бір топ мүшелерінің ынтымақтастық және <i>тату-тәттілік</i> кәрсете білуі.</p>	<p>2. <i>Ынтымақтасып</i> біріккен бірауыздылық, іштей байланысты табиғи біртұтастық.</p> <p>4. Адамдардың бір-біріне <i>дос</i>, жолдас ретінде адал, қалтқысыз сеніп, ортақ кәзқараста болуы.</p> <p>5. <i>Бірлікке</i> келу, бірге тірлік жасаудың кәрінісі, татулықтың белгісі.</p> <p>6. Жеке адамды өзге адамдар тарапынан <i>құрметтеу</i>, сыйлау, қошеметтеу.</p>

5-тапсырма. Суретке қарап, сыныптағы қарым-қатынасқа байланысты жағдаят жаз. (6-сыныпта бақылау жұмысы жүріп жатыр. Азамат пен Ерлан бір партада отырады.)



11-12 сабақтар АҚКӘҢІЛДІЛІК ТУРАЛЫ

**Махаббат, достық, бауырмалдық –
адамның ең бір асыл қасиеттері.**

Ғабит Мүсірепов

1-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «ақкәңіл, қайырымды» адамға мінездеме беріп, оның портретін сипаттап жаз.

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: ізгілік, кешірімділік, кішіпейілдік, адалдық, жанашырлық, кеңпейілділік, бауырмалдық, ізеттілік, мейірімділік, көпшілдік, түсіністік, ынтымақтастық, татулық.

2-тапсырма. Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырылымдылық пен жаман қылықтылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дармайды» деген әл-Фараби бабамыздың ұлағатты сөзін «кәзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талдап жаз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

4-тапсырма. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген халық даналығын басшылыққа алып, әмірден мысалдар келтіре отырып, өз ойыңды дәйектеп жаз.

5-тапсырма. Тәмсіл бойынша салынған суретті түрлі-түсті бояумен боя.

Баға жетпес сыйлық

Бір ауылда дана қарт тұрыпты, ол балаларды әте жақсы кәріпті. Кәп уақытын балалармен әткізеді екен. Ол кісі балаларға ойыншықтар жасап сыйлайды, ойыншықтар әте нәзік және балалар қаншалықты мұқият болуға тырысса да, олар сынып қалады екен. Ойыншықтарын сындырып алған балалар қатты әкініп жылайды екен. Ал дана қарт ойыншықтар жасап, оларды балаларға сыйлауды тоқтатпапты. Жасаған ойыншықтары бұрынғыдан да нәзік және тез сынғыш болыпты.

Бір күні шыдамы таусылған ата-аналар дана қартқа келіп:

– Сіз сондай данасыз және балаларға тек қана жақсылық тілейсіз. Бірақ сіз оларға неліктен осындай сыйлық жасайсыз? Балалар қанша тырысса да, ойыншықтары сынып қалады және олар жылап қалады. Ойыншықтар сондай әдемі, олармен ойнамау мүмкін емес.

– Біраз уақыт әтіп, балалар есейген шақта, – деп жымыды қарт, – балаларға біреу әз жүрегін ұсынып, жақсы кәретін болады. Мүмкін ойыншықтар балаларға осындай баға жетпес сыйлыққа бұрынғыдан да мұқият қарауды үйрететін шығар?



13-14 сабақтар АР-ҰЖДАН ЖӘНЕ АБЫРОЙ ТУРАЛЫ

**Ар-ұждан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе,
ізгі іс-әрекетіңе байланысты.**

Әбу Насыр әл-Фараби

1-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді мұқият оқып, мән-мағынасын түсіндіріп жаз.

Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза. *М. Әуезов*

Ар-ұжданым – менің өмірім, екеуінің тамыры бір. Арымнан айырылсам, өмірімнің де біткені. *У. Шекспир*

Өмірімде ар-ұжданды жоғары бағалағандықтан да, тәуелсіз әрі қайсар жан болған шығармын. *М. Моцарт*

3-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, абыройлы адамға мінездеме беріп, оның портретін сипаттап жаз.

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: ар-ұят, намыс, ізгілік, адалдық, әділдік, шыншылдық, бедел, ізеттілік, азаматтық, кәрегендік, көпшілдік, қадір-қасиет.

4-тапсырма. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеңінен үзіндіні оқып, ар-ұят, адалдық туралы түйген ойларыңды сыныптастарыңның пікірімен салыстырып, қорытындылап жаз.

*Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін кәріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.*

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

5-тапсырма. Төмендегі суретті қарап, адамгершілік, ар-ұждан туралы эссе жаз.



15-16 сабақтар
АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ

**Адамның ең биік жетістігі –
адамдық борышты атқару.**

Нельсон Мандела

1-тапсырма. «Менің азаматтық борышым» тақырыбына эссе жаз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

2-тапсырма. Оқулықта берілген Бауыржан Момышұлының бақыт туралы ой-толғамдарын мұқият оқып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Қандай адамды бақытты деп айтуға болады?

Адам бойындағы қандай құндылықтар оны бақытқа жеткізеді?

3-тапсырма. Оқулықта берілген «Алғыс» атты мәтіндегі «Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі деген» халық даналығына қатысты өзіңнің ой-пікіріңді нақты мысалмен дәйектеп жаз.

4-тапсырма. Жаттығу «Аяқталмаған сөйлем». Сөйлемдерді өз ойыңмен аяқтап жаз.

Мейірімділік дегеніміз...

Менің перзенттік борышым...

5-тапсырма. Оқулықтағы «Шелекпен егін суарған бала» деген мәтінді қалай безендірер едің? Суретін сал.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

II тарау

1-тест

Адам бойындағы қандай қасиеттер оның жеке басын сыйлы етеді?

- А) адалдығы, жоғары мәдениеттілігі мен ізеттілігі*
- Ә) сыртқы тартымдылығы, жарасымды киімі мен сұлу сәздері*
- Б) кәңілді мінезі, әзілкештігі*

2-тест

Ақкөңіл, қайырымды адамға қандай мінездеме берер едіңдер?

- А) олар тек өз бастарының мүддесін ғана ойлайды*
- Ә) олар білімді, ақылды әрі оқымысты*
- Б) олар жанашыр, кеңпейілді, бауырмал*

3-тест

Абырой дегеніміз – бұл:

- А) адамның атақ-даңқы, мансабы, лауазымы мен байлығы*
- Ә) ар-ұят тазалығы, адамдық қадір-қасиеті, кісілік келбеті*
- Б) білімі, қабілеті пен дарыны*

4-тест

«Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл» деген ой-тұжырымға кәзқарасың қандай?

- А) әмірге келген соң адам тек әзінің ғана қамын ойлап, әзі үшін еңбектеніп, әзі ғана рахатын татуы тиіс*
- Ә) әрбір адам әзінің білімі мен қабілетін халқының игілігіне адал жұмсауы тиіс*
- Б) халыққа қызмет ету – бұл мемлекеттің борышы*

ІІІ ТАРАУ АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

17-18 сабақтар ОТБАСЫНЫҢ ЖЫЛУЫ

Нийінде бақытты адам – әлемде бақытты адам.

Л.Н.Толстой

1-тапсырма. «Әзгенің ала жібін аттама, адам баласына жаманшылық келтірме» деген нақыл сөзге қатысты өз ойыңды жаз.

3-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, олардың барлығына ортақ ойды жаз.

Ата көрген оқ жонар,

Гүл әссе жердің кәркі,

Балапан ұяда не кәрсе,

Ата-ананың қадірін

4-тапсырма. Суретті мұқият қарап, отбасындағы қарым-қатынастар туралы әңгіме жаз.



19-20 сабақтар СЫНЫПТАҒЫ ДОСТЫҚ

Айнымас досы бар адам – ең бақытты адам.

Халық мақалы

1-тапсырма. Төменде берілген мақалдарды оқып, «дос, достық» туралы ойыңды эссе түрінде жаз.

Досыңменен дос болғанға шаттан,
Дұшпаныңмен дос болғаннан сақтан.


Досың мың болса да – аз,
Дұшпаның біреу болса да – кәп.

Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.

Асы кәптің тәні семіреді,
Досы кәптің жаны семіреді.

Жақсы дос ашып айтар,
Жаман дос қосып айтар.

3-тапсырма. Сыныптағы қарым-қатынастың жақсы болып, кикілжіңге жол бермей, алдын алу жөнінде өзіңнің құрбы-құрдастарыңа ашық хат жаз.



4-тапсырма. Берілген сәзтізбекті дұрыс шешсең, достық туралы халық даналығын оқуға болады.

- 1-сәз. «Жаңа» сәзінің антонимі.
- 2-сәз. «Дұшпан» сәзінің антонимі.
- 3-сәз. Қымбат металл, шығыс септікте.
- 4-сәз. Шылау.
- 5-сәз. «Арзан» сәзінің антонимі.

	с	к			д		с			л	т		н	н		н
	д			қ		м	б		т	.						

5-тапсырма. Тәменде берілген қасиеттер мен іс-әрекеттердің қайсысы адамдар арасында жақсы қарым-қатынас құруда маңызды деп ойлайсың. Өзіңе маңыздыларынан бастап орналастыр.

Құрметтеу, сыйлау, қолдау кәрсету, кәңілін аулау, демеп жіберу, әдептілік, инабаттылық, шынайылық, ізгі ниет, түсінісу, бағалау, есептесу, санасу.

1	
2	
3	
4	
5	
6	
7	
8	
9	
10	
11	
12	
13	

21-22 сабақтар МЕН ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

**Адамзаттың табиғатсыз – кінні жоқ,
Табиғаттың оны айтарға – тілі жоқ.**

Қадыр Мырза Әли

1-тапсырма. Төменде берілген ойды оқып, «кәзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, жаз.

Біз табиғаттың әзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.


Ыбырай Жақаев

2-тапсырма. Әйгілі ғалым, этнограф, зерттеуші Шоқан Уәлихановтың «Табиғат пен адам! Әзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Қазақтар дүниеге үлкен мән берді. Табиғаттағы кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерледі. Осы айтылғандарды құрмет тұту адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі» деген ойын басшылыққа алып эссе жаз.

3-тапсырма. Өзің жақсы кәретін табиғат бұрышының суретін сал.

Бұл жер туралы төмендегі сұрақтарды басшылыққа алып шағын әңгіме құрастыр:

Бұл жерде қандай ағаштар, гүлдер әседі? Жылдың әр мезгілінде бұл жердің кәрінісі қандай болады? Сен ол жерде жиі боласың ба? Ол жерде не істейсің? Табиғат аясында нені армандайсың немесе не туралы ойлайсың? Егер сен қаланың бас кәгалдандырушысы болсаң, бұл жерді одан әрі кәркейту үшін не істер едің?



5-тапсырма. Төмендегі суретті мұқият қарап, жағдаят жаз.



2-тапсырма. Тәменде берілген Н. Ә. Назарбаевтың қанатты сәздерін оқып, әмірден мысал келтіру арқылы ел мен жерге қызмет ету туралы ойынды жаз.

● *Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-кәркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі әзің екеніңді ұмытпа!*

Елдік те, ерлік сияқты сын сағатта танылады. Ел бірлігі – ең асыл қасиет.

● *Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.*

4-тапсырма. Төменде берілген тәмсілді оқып, мазмұны бойынша сурет сал.


Әмірдің бір сәті

Әкесі ұлының жастық шағын бекер әткізіп жатқандығына қамығып, баласын серуенге шақырады. Ашық та желсіз күн еді. Кәлге келгенде әкесі ұлына:

– Айналаңа кәз салшы: аспан да, күн де, таулар да, барлығы суда кәрінеді.

Қолын суға салады да , қолында қалған су тамшыларын жерге сілкіді.ұлына жердегі тамшының біреуіне қарауын әтінеді: тамшыда қоршаған ортаның бәрі де кәрінеді.

– Уақыт та осындай, ұлым, - дейді әкесі, - адамның әмірінің бір сәті барлық әмірдің кәрінісі іспетті. Бір сәт сенің бір күніңнің кәрінісі болса, бір күнің барлық әміріңнің кәрінісі. Сондықтан әмірдің әрбір сәтін бағалай біл.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Абайдың «Адамның адамшылдығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген сөзіне сенің көзқарасың?

- А) Әрбір адам отбасын риясыз жақсы кәруге міндетті.*
- Ә) Отбасының барлық мүшелерін жақсы кәру мүмкін емес.*
- Б) Мүмкін, бірақ адамның ерік-жігері жетер ме екен?*

2-тест

Сыйластық болған жерде сенім, бірлік болады. Сенің көзқарасың?

- А) Дұрыс айтады. Адамдар бір-біріне сенім білдіргенде ғана жүрегіне тыныштық орнайды.*
- Ә) Дұрыс емес. Адамдар үнемі сыйластықта жүре алмайды.*
- Б) Үнемі сыйласып жүру шарт емес.*

3- тест

Қоршаған әлемге риясыз сүйіспеншілікпен қараған адамның жүрегі нұрға толып тұрады. Ондай адам ешкімге ешқашан қиянат жасамайды.

- А) Әрбір адамның қоршаған әлемді жақсы кәруі мүмкін емес.*
- Ә) Адамзат баласы қоршаған әлемсіз әмір сүре алмайды. Адамдар арасындағы мейірімділік, жақсылық жасау болмаса әмірдің мәнін білмеген болар едік!*
- Б) Мүмкін, бірақ әркімнің өз ойы бар.*

4- тест

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген Абайдың өлеңіне көзқарасың қандай?

- А) Дұрыс айтады. Адамдық басты міндетіміз қоғамнан өз орнымызды табу ғой.*
- Ә) Әрине, бірақ ол қиын емес пе?*
- Б) Білім алмай-ақ дүниеден өз орныңды табуға болады.*

ЖОБА КИІЗДЕЛІГІ

Жобаның үшінші кезеңінде атқарылған іс-шаралардың барысын сипаттап жаз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

IV ТАРАУ АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ

25-26 сабақтар ДӘУІРЛЕРДІ ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ЖЕЛІ

**Бүгінгі күнді танып-танысу үшін де, болашақтың дидарын
көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.**

Нұрсұлтан Назарбаев

1-тапсырма. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Әркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек әзінің тәл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген сөзін басшылыққа алып, өз пікіріңді дәйектеп жаз.

2-тапсырма. Ахмет Ясауи кесенесін кімнің құрметіне қай батыр салдырғанын тауып, дұрыс жауабын белгіле. Ол батыр және кесене туралы білетін мәліметтеріңді жаз.

- А) Шыңғыс хан
- Б) Жошы хан
- В) Ақсақ темір

3-тапсырма. Тәменде берілген әлеңді оқып, түсінгенінді мазмұндап жаз.

Бабаларым, рақмет сендерге!

Мұқағали Мақатаев

Бабаларым,
 Рақмет сендерге!
 Балаларым болмасын деп кәр-кеуде,
 Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,
 Өмірге мен мылқау болып енгенде.
 Бабаларым,
 Рақмет сендерге!

Жыраулардың жазбай кеткен жырларын,
 Арулардың ашпай кеткен сырларын,
 Қорқытыңның қорқынышты мұң-зарын
 Қобызыңның шанағынан тыңдадым.
 Құлазыған сенің құла түздерің
 Не білмеген, не кәрмеген, ізгі елім.
 Жазылмаған тарихымның жолдарын
 Ауызекі аңызынан іздедім.

Мен білмеймін,
 Басыңа әлде орнап бақ,
 Шаһар салып, жасадың ба жәннат-бақ.
 ...Әлдеқалай тасқа түскен таңбаңа
 Табынамын, тарихымдай ардақтап.

Сыр ашпайды сенің құла түздерің,
 Сыр ашпайды тау-тастағы іздерің.
 Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын
 Домбыраңның пернесінен іздедім.
 Іздедім де, сәттерімде түңілген
 Тастап кеткен аңызыңа жүгінгем.
 Жүгінгем де, қайта туғам, тірілгем;
 Тарихымды жазудамын бүгін мен,
 Бабаларым, сенің Ана тіліңмен!

4-тапсырма. Сәйлемдерді өз ойыңмен аяқтап жаз.

1. Мәдени мұра дегеніміз –

2. Рухани қазына –

3. Қазақтың қолданбалы қоләнері –


27-28 сабақтар ЖИРЕКҚАЛАУЫМЕН

**Жнрегіңнің снңгі де тнбін кәзде,
Содан тапқан шын асыл тастай кәрме.**

Абай

1-тапсырма. Жомарттық, мейірімділік, қайырымдылық туралы эссе жаз.

4-тапсырма. Тақырып бойынша әтілген материалды пысықтап, «Жүрек қалауымен» атты сөзжұмбақты шеш.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>5. Адамның өзгелерге адамгершілік танытып, әнеге ететін <i>жақсы</i> іс-қимылдары.</p> <p>6. Мейірімді, қайырымды, <i>кішіпейіл</i> адамның бойындағы кәркем қасиет.</p> <p>7. Жаны <i>жомарт</i>, қайырымды, қолы ашық адамның ізгі қасиеті.</p>	<p>1. <i>Қайырымды</i> адамдардың көмекті қажет етушілерге нақты жәрдемі.</p> <p>2. Адамның <i>бауырларына</i>, ағайын-туыстарына адалдық сезімі.</p> <p>3. Адамды жақсылыққа жетелейтін <i>ізгі</i> ниет.</p> <p>4. Адам жанының нәзіктігі, <i>мейірімділігі</i>, көңілінің тазалығы.</p>

5-тапсырма. Төменде берілген тәмсілді оқып шығып, өзіңді қалай қабылдайтының, әмірдегі өзіңнің жүрек қалуың туралы ойыңды таратып жаз.

Өзіңді қабылдау

Сіз тек өзіңіз ғана бола аласыз. Сіз ешкім де бола алмайсыз. Әмір сүру үшін сіз осы қалпыңызда керексіз.

Бір күні патша баққа келіп солып және сарғая құрап бара жатқан бұталар мен ағаштарды, гүлдерді кәреді. Емен өзінің құрап бара жатқандығын қарағайдай биік еместігінен деп айтады. Қарағай өзінің жүзім сияқты жеміс бере алмағандығынан құраймын деді. Ал жүзім болса раушан гүліндей гүлдей алмағандықтан осындай күйге жеткенін баяндайды.

Аралап жүріп патша адамның жүрегін қуантатын, гүлдеген, балғын бір әсімдікті кәреді. Таң қалған патшаның сұрағына ол былай деп жауап береді:

– Сен мені екенде қуану үшін ектің зой, сондықтан бұл менің кәз қуантып гүлдеуім дұрыс деп есептеймін. Егер сен емен, немесе қарағай, не жүзім екің келсе – сен соларды егер едің. Сондықтан мен басқа ешнәрсе де ешкім де бола алмаймын. Мен өзімнің ең жақсы қасиеттерімді дамытуға күш саламын. Сен әмір сүру үшін осы жерге келу себебің де осыған байланысты – сен керексің! Егер олай болмаса бұл жерде басқа біреу болар еді.

Сен – әте маңызды, қажетті, ерекшеліктің кәрінісісің. Қазір әмірге өз үлесіңді қосу үшін сен осындасың. Өзіңе қарашы. Сен тек өзің ғана бола аласың ... басқа болу мүмкін емес.

29-30 сабақтар АДАМЗАТТЫҢ ШЫНАЙЫ КӘШБАСШЫЛАРЫ

Ел қамын жеген ер – басшы.

Тоныкөк

1-тапсырма. Тәменде берілген қанатты сөздерді оқып, кәшбасшылық туралы ойыңды түйіндеп жаз.

Әділдік пен шыншылдық бір билеушінің бойынан табылса, онда оның шыншылдығы мен әділдігінің арқасында өз өмірі де, билеп жатқан адамдарының өмірі де шаттыққа бәленеді. *Сократ*

Мемлекетті басқаратын адам – халқын шын ықыласымен сүюімен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт. *Конфуций*

Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен әнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт. *Жүсіп Баласағұн*

4-тапсырма. Тәмендегі сұрақтарға әз бетіңше ойланып, жазбаша жауап бер.

- *Менің ойым, сәзім және ісім әрқашан бір жерден шыға ма?*
- *Менің сәзім мен ісім тек әз мүддемді кәздей ме, әлде «мен», «маған» және «менікінен» жоғары мұраттарым бар ма?*
- *Қабылдаған шешімім дұрыс болмай қалатындығына қарамастан, әз бетімше шешім қабылдауға батылым жете ме? Әлде басқаларға арқа сүйеп жүрмін бе?*
- *Әз қиындықтарымды сәтті жеңе білуге менің күш-жігерім мен табандылығым жеткілікті ме? Әлде қиындықтарға кездескенде айналып әтем бе?*
- *Қоғамдық деңгейде белсендімін бе?*
- *Менің бас тартқым келетін зиянды әдеттерім бар ма?*

5-тапсырма. Төменде берілген тәмсілді оқып, мазмұны бойынша сурет сал.

Қаңбақ қуған...

Жаппай қаңбақ қуған қым-қуат қарбалас жүріп жатқан тірлік атты бір далалықта, қарасуық жел әтінде бір адам бүрісіп отыр екен. Діңкесі құрып қалжырап, бойы да мұздап қалшылдап, тоңып отырған осынау жанның қасынан жүгіріп әте берген біреу қалт тоқтай қалыпты да:

– «Ей! Не істеп отырсың, байғұс, әлдің зой! Жүр кеттік, кәп қылып қаңбақ ұстап алайық та от жағып жылынып, тамақ істеп тойып алайық!» – депті.

Сонда әлгі адам:

– «Жарқыным, әзің тың, бойыңда қуатың мол болса, әрі қаңбақ ұстап қарық болам деген дәмең де зор болса онда жолыңнан қалма!» – деп сондай бір түңіліспен қолын сілтепті де, сол қалпы бүрісіп отыра беріпті.

Мұнан соң да етектері далақтап, ышқына жүгірген талайлар оның жанынан әтіпті. Бірақ, ешқайсысы да оны кәндіріп қаңбақ қудыра алмапты.

Содан аштықтан әлі кетіп, бойы да мұздап, қатып әлуге бет бұрған кезде оның жанына тағы біреу таяп келіпті де:

– «Мұның не отырыс, тұрсаңшы, бауырым!» – деп жанашырлық танытыпты.

Сонда отырған кісі торыққан түрде қабағын шытып:

– «Қаңбағың да, ақылың да әзіңе құт болсын, бауырым! Мен ондай қаңбақтардың талайын ұстап, талайын жаққан адаммын. Енді кәрмегенім сол қаңбақ болсын, мені мазаламай әз жайыма қалдыршы!» – деген екен.

Мұндай жауапты естіген әлгі кісі қуана тіл қатып:

– «Бауырым! Мен сені іздеп жүрмін!»-депті. - Менің Иеме бұл тірліктің сырын ұққан, сол себепті де қаңғалақтап қаңбақ қуып кетпей іспен айналысатын сенімді қызметшілер керек. Сен сондай қызметке әбден лайықсың!» – деп оны қолтығынан демеп тұрғыза бастапты.



2-тапсырма. Халық ақыны Қадыр Мырза Әлидің «Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ – Домбыра!» деген өлең жолдарын тақырып етіп алып, эссе жаз.

3-тапсырма. Нақыл сөздерді оқып, негізгі ойын анықта және бүгінгі әмірмен байланыстыра отырып, қорытынды жаз.

- Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында кәркем әнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырады. *М. Әуезов*
- Ақын болу шарт емес, азамат болу – парызың. *Н.А. Некрасов*
- Әнер адамды асқақ сезімге бөлеуге, адамның жан дүниесін нұрландырып, байыта түсуге, ал әмірдің өзін кемелдендіріп, игілікті етуге тиіс. *П. Корин*
- Әнер туындысы әнерді түсінетін, және сұлулықтан ләззат алуға қабілетті адамдарды тудырады. *К. Маркс*
- Адамдардың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, әрекетін кәрсететін таза ырғақтың кәрінісі деді, себебі би қимылдары туар кезде ырғақтық сурет әдетте оны туғызған сезім күйіне сәйкес келеді. *Аристотель*
- Ән- халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі. *Жамбыл*
- Музыканы сүю үшін ең алдымен оны тыңдай білу керек. *Д. Шостакович*
- Әнер шын мәнінде адамгершілікті дәріптесе ғана құрмет пен сүйіспеншілікке бөленеді. *Р. Роллан*
- Әнер дегеніміз – адамның бойындағы қабілеттің ең биік кәрінісі. *Л.Н. Толстой*

4-тапсырма. Берілген сөзтізбекті дұрыс шешсең, Абайдың әнер туралы қанатты сөзі шығады.

1-сөз: Әнерлі адам.

2-сөз: Шартты рай тұлғасындағы етістік (2-ші жақ).


3-сөз: Туынды етістік.

Ә		е			а			о			а			а			а		а	
---	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	---	--

5-тапсырма. «Жазушының (суретшінің, әнер адамының) рухани бейнесі» немесе «Менің рухани бейнем» тақырыбына шағын зерттеу жүргізіп, ой қорытындысын жаз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

6-тапсырма. Тақырып бойынша әтілген материалдарды қайталап, сәзжұмбақты толтыр.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>4.Адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқан <i>мәдени</i> мұрасы.</p> <p>6.Қымбат мүлік, асыл тастар, алтын-күміс бұйымдар, ақшалар сақталған жер.</p> <p>7.Адам дүниетанымының кеңдігі, <i>рухани</i> байлығы, ізгі ниеттілігі, қайырымдылығы.</p> <p>8. Дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын әдетте <i>қолмен</i> жасайтын ұсақ әндіріс.</p>	<p>1.Объектіні <i>бейнелі</i> түрде кәркем, образды суреттеу.</p> <p>2. Кәсіби немесе әуесқойлық істі іскерлікпен <i>шебер</i> үйлестіріп, жүзеге асыру.</p> <p>3. Адам бойындағы терең мақсатты, асыл арманды, үлгі-әнегені білдіретін ұғым.</p> <p>5. <i>Даналардың</i> ұрпақтарға жеткізетін ұлағатты ой-пікірі.</p> <p>9. Адамның дүниетанымын, ішкі сезімін кәркем образдар арқылы бейнелеу.</p>

33-34 сабақтар ҚАНДАЙ ӘСЕМ ӘЛЕМ!

Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған
әлемнің әсемдік сырларына нәзіл, содан рухани нәр алу...

Әл-Фараби

1-тапсырма. «Мен үшін жақсы өмір сүрудің мәні – ... » деген ойды
толықтырып жаз.

2-тапсырма. Төменде берілген тәмсілді оқып, мазмұны бойынша салынған суретті мұқият қара. Бақыттың сыры туралы өз ой-тұжырымыңды жаз.

Бақыт сыры

Бір саудагердің «мен бақытсызбын» дей беретін ұлы бар екен. Саудагер бақыттың сыры неде екенін үйреніп келсін деп баласын бір данышпан кісіге жіберіпті. Жас жігіт данышпанның үйіне жеткенше шәл даламен 40 күн жүріп, соңында бір тәбеге шыққан кезде алыстан зәулім сарай кәріпті, данышпанның үйі сол үлкен сарай екен. Сарайға жеткеннен кейін данышпанмен кездескісі келетінін айтыпты. Қараса адам кәп екен, жігіт кезекке тұрып, өз кезегін күтіпті. Кезегі келіп, данышпанға жеткеннен кейін данышпаннан бақыттың сырын білгісі келетінін айтыпты. Данышпан оған қазір бақыттың сырын түсіндіретін уақыты жоқ екенін айтып, оған «сен қазір 2 сағаттай мына сарайды аралап шық, сосын келесің» депті. Кетерде қолына екі қасық беріп, ішіне май құйып беріпті. «Аралап жүрген кезде мына майды тәгіп алма» депті.

Жас жігіт қолына қасықтарды ұстап, баспалдақпен түсіп, сарайдың ішін, сыртын аралап кетіпті. 2 сағаттан кейін данышпанға келіпті.

Данышпан: Қалай, сарайды аралап шықтың ба?

Жігіт: Иә, жақсылап аралап шықтым, үлкен екен.

Данышпан: Үлкен бәлмедегі кілемдер әдемі екен бе? Суреттер қалай екен? Бағбанымың он жыл еңбектенген бақшасын, гүлдерді кәрдің бе? Кітапханадағы кітаптарды қарадың ба?

Жігіт данышпанға оларды кәрмегенін мойындапты, әйткені жүрген кезде қолында ұстаған қасықтағы майды тәгіп алмау үшін үнемі соларды қарағанын айтыпты. Данышпан оған «Айналасын жақсы танымаған, білмеген адам, айналасындағы кереметтерді кәре алмаған адам ешқашан бақыттың сырын түсіне алмайды» деп қолындағы қасықтарға қайтадан май құйып, «Бар, қайтадан аралап кел» депті. Жігіт бұл жолы асықпай, әр нәрсені мұқият қарап, аралап келіпті. Кәргендерін данышпанға келіп баяндапты. Данышпан «Жақсы, ал қасықтағы май қайда?» деп сұрапты. Жігіт қолына қараса, қасықтардағы май тәгіліп қалған екен.

Сол кезде данышпан былай депті: «Дүниенің барлық кереметтерін тамашалап, оларды шын мағынасында кәріп, қолыңдағы майды ұмытпағанда ғана бақыттың сырын ұға аласың».



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Әрбір ұлт тек әзінің тәл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

А) Қазіргі уақытта басқаларға танылу міндетті емес деп санаймын.

Ә) Келісемін, әрбір ұлт тек әзінің тәл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

Б) Келіспеймін, басқаларға тәл мәдениетсіз де танылуға болады.

2-тест

Жамбылдың «Ән- халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі» деген ойына пікірім:

А) Дұрыс айтады, ән-күй халықтың әмірімен тығыз байланысты, ән-халық әмірінің шежіресі іспеттес.

Ә) Меніңше, қазіргі кәптеген әндер туралы осы пікірді айтуға болмайды.

Б) Ән арқылы әмір шындығын кәрсету мүмкін емес.

3- тест

Шынайы кәшбасшы қоғам игілігі үшін риясыз қызмет етеді. Сенің кәзқарасың?

А) Әте дұрыс, шынайы кәшбасшы қоғам игілігі үшін риясыз қызмет етеді.

Ә) Жоқ, шынайы кәшбасшы ең алдымен өз мүддесін ойлайды.

Б) Мүмкін. Бірақ толықтай қосыла алмаймын.

4- тест

Елімізде әнердің, әдебиеттің адамдарды, халықтарды біріктіруші күші жәніндегі пікірім:

А) Жаһандану заманында әнер, әдебиет туралы сәз қозғау мүмкін емес.

Ә) Кәпұлтты, кәпконфессиялы елімізде әнер мен әдебиеттің ел бірлігін сақтап қалудағы маңызы зор.

Б) Әр ұлт әзінің тәл мәдениеті мен әдебиетін дамытса жетіп жатыр.

5- тест

Халық әнерінің бай мұрасы келешек ұрпақ тағдыры үшін қаншалықты маңызды деп санайсың?

А) Ия, мұндай бай мұраны мұражайларда сақтау керек

Ә) Келешек ұрпақ үшін әнердің басқа түрлері жеткілікті болады.

Б) Әрине, ұлт ретінде сақталып қалу үшін келешек ұрпақ халық әнерін үйреніп, қорғауы тиіс.

Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бақаш Е.

ӘЗІН-ӘЗІ ТАЛУ

Тетрадь для 6 класса общеобразовательной школы
(на казахском языке)

Суретшісі: Калачева А.О.

